



## 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 228 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып, тіркелген) сәйкес, Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Абай облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Абай облысы бойынша филиалына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне енгізісін;

2) осы қаулыны Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғанынан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Абай облысының әкімі*

*Н. Ұранхаев*

Абай облысы әкімдігінің  
2023 жылғы "25"  
желтоқсандағы № \_\_228\_\_  
қаулысына 1-қосымша

**2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Р/с №	Аймақтың атауы	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері				
		Елді мекен	Тәрбиеле-нушілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)		
				10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	10,5 сағаттық болу режимі бар түзету топтары
1.	Абай ауданы	ауыл	675	61 254		
2.	Аягөз ауданы	ауыл	100	61 081		
		қала	1962	54913		
3.	Бесқарағай ауданы	ауыл	150	61254		
4.	Бородулиха ауданы	ауыл	627	61 081		
5.	Жарма ауданы	ауыл	850	61 081		
6.	Көкпекті ауданы	ауыл	550	60907		
7.	Курчатов қаласы	қала	485	54 913		
8.	Семей қаласы	қала	11063	54 913		
	Семей қаласы түзету тобы	қала	111			100 040
9.	Аксуат ауданы	ауыл	661	60907		
10.	Үржар ауданы	ауыл	428		55 757	
	Барлығы		17662			

Абай облысы әкімдігінің  
2023 жылғы "25"  
желтоқсандағы  
№ \_\_228\_\_ қаулысына  
2-қосымша

**2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері**

Р/с №	Аймақтың атауы	Айына ата-ананың ақы төлек мөлшері (теңге)		
		Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері		
		Тәрбиеленушілер саны	Детский сад/ ясли-сад (до 3-х лет / от 3-х лет)	Мини-центр с полным днем пребывания детей (до 3-х лет / от 3-х лет)

1.	Абай ауданы	794	3 жасқа дейін-6000, 3 жастан бастап- 10000	3 жасқа дейін-5000, 3 жастан бастап- 6000
2.	Ақсуат ауданы	748	3 жасқа дейін-15400 , 3 жастан бастап- 16500	3 жасқа дейін-8000, 3 жастан бастап- 13000
3.	Аягөз ауданы	2574	3 жасқа дейін-16000 , 3 жастан бастап- 17000	3 жасқа дейін-16000 , 3 жастан бастап- 17000
4.	Бесқарағай ауданы	240	3 жасқа дейін-11000 , 3 жастан бастап- 11000	3 жасқа дейін-11000 , 3 жастан бастап- 11000
5.	Бородулиха ауданы	974	3 жасқа дейін-11565 , 3 жастан бастап- 14650	3 жасқа дейін-11565 , 3 жастан бастап- 14650
6.	Жарма ауданы	1194	3 жасқа дейін-12000 , 3 жастан бастап- 14000	3 жасқа дейін-7000, 3 жастан бастап- 8000
7.	Көкпекті ауданы	245	3 жасқа дейін-14500 , 3 жастан бастап- 14500	3 жасқа дейін-14500 , 3 жастан бастап- 14500
8.	Курчатов қаласы	425	3 жасқа дейін-13000 , 3 жастан бастап- 13000	3 жасқа дейін-12000 , 3 жастан бастап- 13000
9.	Семей қаласы	10829	3 жасқа дейін-16500 , 3 жастан бастап- 18500	3 жасқа дейін-16500 , 3 жастан бастап- 18500
10.	Үржар ауданы	1478	3 жасқа дейін-7000, 3 жастан бастап- 14000	3 жасқа дейін-7000, 3 жастан бастап- 14000
		19537		